## Премьер-Лига

**Екі апталық үзілістен соң 15-16 маусым күндері 11-тур ойындары өтті. «Астана» да, «Қайрат» та ұтылды. «Ордабасы» екінші орынға көтерілді.**



Бұл турда «Ақтөбе» Семейде «Елімай» командасымен кездесті.

Жерлестерімізге бұл ойын оңайға түспейтіні белгілі еді. Өйткені осы айда өткен жолдастық кездесулерге ұлттық құрама сапына біздің командадан бес адам шақырылған болатын. Сол сайыстарда шаршап, оның үстіне екі ойында да ұтылып оралған жігіттерімізде кереметтей көңіл күй де бола қоймаған сияқты.

Дегенмен жанкүйерлерге лық толған «Спартак» стадионында есепті біздің жігіттер ашты. Рас, әуелі 16-минутта алаң иелері гол салып кетті. Бірақ қарсыластардың ойыншысы офсайдта болғандықтан бұл гол есепке алынбады. Ал есепке алынған голдың иесі біздің Габи Кики болды. Ол 25-минутта семейлік қақпашыны оқыс соққымен қапы қалдырды. Алайда бұл есеп таймның аяғына дейін сақталмады. Таймға қосылған қосымша екінші минутта Никита Корзун есепті теңестіріп кетті.

Ал екінші таймда, 79-минутта біздің Максим Самородов тағы бір гол соққан. Әттең, арада 5-6 минут өтер-өтпесте алаң иелері тағы да қарымта гол соқты.

Ойын осылай аяқталды.

Қалай болғанда да, биыл «Елімайдан» тез құтыла алмайтын болдық. Өткен жолы Қазақстан Кубогы аясындағы бірінші ойында жеңсек, енді сол кездесудің екінші ойыны өтеді. Чемпионат барысындағы екінші кездесуіміз және бар. Оның үстіне, несін жасырамыз, біздің бұрынғы бапкеріміз Андрей Карпович баптап жүрген «Елімай» тәп-тәуір ойын өрнегін көрсетіп жүр. Басқасын былай қойғанда, «Астананы» ұтқанын, «Қайрат», «Ордабасы» командаларымен тең ойнағанын ұмытуға бола ма.

**«Елімай»-«Ақтөбе» — 2:2**

Гол авторлары: Габи Кики, 25-минут (0:1); Никита Корзун, 45+2 минут (1:1); Максим Самородов, 79-минут (1:2); Реджис Родригес, 86-минут (2:2).

Ескерту қағазын алғандар: Никита Корзун, 45-минут, Реджис Родригес, 60-минут, Сада Тиуб, 88-минут («Елімай»), Бауыржан Байтана, 49-минут, Рамазан Оразов, 64-минут.

**«Ақтөбе» төмендегі құрамда ойнады:** Игорь Шацкий, қақпашы, Дмитрий Бессмертный, Әлібек Қасым, Габи Кики, Матео Барач, Богдан Вэтэжелу (Бағдат Қайыров, 88-минут), Леонель Струмия, Хосе Севальос (Рамазан Оразов, 46-минут), Бауыржан Байтана (Арман Кеңесов, 53-минут), Ыдырыс Умаев (Амаду Думбия, 46-минут), Жан Жайро (Максим Самородов, 61-минут).

Бас бапкер — Дмитрий Парфенов.

**16 маусым 2024 жыл. Семей қаласы, «Спартак» стадионы.**

# БАПКЕРЛЕРДІҢ БАҒЫТЫ: БАҚ ШАБА МА, БАП ШАБА МА?

## «Елімай»-«Ақтөбе» — 2:2

* * *

**Басқа кездесулер:**

«Шахтер»-«Атырау» — 0:3
«Тобыл»-«Қайрат» — 1:0
«Қайсар»-«Тұран» — 1:1
«Жетісу»-«Жеңіс» — 2:2
«Астана»-«Ордабасы» — 0:1

* * *

**Біздің мергендеріміз:**

Максим Самородов, жартылай қорғаушы — 5 гол;
Ыдырыс Умаев, шабуылшы — 4;
Габи Кики, қорғаушы — 2;
Әділхан Таңжарықов, қорғаушы — 1;
Әлібек Қасым, қорғаушы — 1;
Матео Барач, қорғаушы — 1;
Бауыржан Байтана, жартылай қорғаушы — 1;
Хосе Севальюс, жартылай қорғаушы — 1;
Жан Жайро, жартылай қорғаушы — 1.

* * *

Жерлестеріміз 10 кездесу өткізіп, 5 рет жеңді, 4 рет тең ойнады, 1 рет жеңілді. Ұпай саны — 19. Доп айырмашылығы — 17-8.

* * *

Он бірінші турдан соң турнир кестесінде төмендегідей жағдай қалыптасты:

Алғашқы екі орынға 19 ұпаймен екі команда шықты — «Ақтөбе», «Ордабасы».

3,4,5-орындарға келгендер: «Қайрат» (18 ұпай), «Елімай» (17 ұпай), «Атырау» (16 ұпай).

15 ұпайдан жинаған екі команда 6,7-орындарға келді: «Тобыл», «Жетісу».

8,9,10-орындарға үш команда жайғасты: «Қайсар» (13 ұпай), «Астана» (12 ұпай), «Қызылжар» (10 ұпай).

8 ұпайдан жинаған екі команда «Тұран» мен «Жеңіс» 11,12-орындарға түсті.

Ең соңғы 13-орында 7 ұпайы бар «Шахтер» тұр.

* * *

**12-тур ойындары:**
**22 маусым, сенбі**
«Қызылжар» — «Астана»
«Жетісу» — «Қайсар»
**23 маусым, жексенбі**
«Атырау» — «Тобыл»
«Жеңіс» — «Ордабасы»
«Тұран» — «Елімай»
«АҚТӨБЕ»-«ШАХТЕР»

* * *

**Еуропа чемпионатында 4 топтың құрамалары алғашқы ойындарын өткізді.**

**«А» ТОБЫ**
14 маусым. Германия-Шотландия — 5:1
15 маусым.Венгрия-Швейцария — 1:3

**«В» ТОБЫ**
15 маусым. Испания-Хорватия — 3:0
15 маусым. Италия-Албания — 2:1

**«С» ТОБЫ**
16 маусым. Словения-Дания — 1:1
16 маусым. Сербия-Англия — 0:1

**«Д» ТОБЫ**
16 маусым. Польша-Нидерланды — 1:2

**Е.АХАТҰЛЫ.**


### «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «КазАзот» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «ҚазАзот» АҚ келісімшарттық аумағының солтүстік Қосбұлақ учаскесінде тереңдігі 2500 ±250 м Шик-2 бағалау ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба.

**Өтінішпен сайттарда танысуға болады:** https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 14.06.2024 ж. – 14.07.2024 ж.

### «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «СНПС – Актобемунайгаз» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «Кеңқияқ-надсолевой кен орнының №К2019, К2020 пайдалану ұңғымаларын салу».

**Өтінішпен сайттарда танысуға болады:** https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында, https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 13.06.2024 ж. – 13.07.2024 ж.

### «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «СНПС – Актобемунайгаз» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «СТ-78 бағалау ұңғымасын салу және қабаттарды сынау».

**Өтінішпен сайттарда танысуға болады:** https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 14.06.2024 ж. – 14.07.2024 ж.

### «Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ

**«Ықтимал әсер ету туралы есеп» бөлімі бойынша «Ақтөбе қаласындағы Бауырластар -2 тұрғын массивінде автомобиль жолдарының құрылысы» жобасына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.**

Тыңдаулар 2024 ж. шілде айының 30-ы күні, сағат 11.30-да, Ақтөбе қ. Астана ауд., Сәңкібай батыр даңғылы, 145Б, «Астана ауданы әкімінің аппараты» ММ ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда тыңдаулар онлайн форматта ZOOM бейнеконференциясы арқылы, сілтеме бойынша өткізіледі: https://us02web.zoom.us/j/7017273098?pwd=cENQYnlOOUtsZlEzVHRueEdLZ0xhUT09&omn=88432757300.

**Конференция идентификаторы:** 701 727 3098; кіру коды: 123.

**Бастамашы:** «Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, +7(713) 241-6820, pt_doroga@mail.ru ;

**Құжаттаманы жасаушылар:** «СК Инжиниринг» ЖШС, +7(727)378 0954, sk-inginiring@mail.ru;

**ҚОҚБ әзірлеушілері:** «Фирма «Ақ-Көңіл» ЖШС, 8 (701) 727-30-98, akkonil@mail.ru;

Құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған (ecoportal.kz), сондай-ақ «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық негізде қабылданады барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

### «Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ

**«Ықтимал әсер ету туралы есеп» бөлімі бойынша «Ақтөбе қаласындағы Бауырластар-1 тұрғын массивінде автомобиль жолдарының құрылысы» жобасына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.**

Тыңдаулар 2024 ж. шілде айының 30-ы күні, сағат 10.00-де, Ақтөбе қ. Астана ауд., Сәңкібай батыр даңғылы, 145Б, «Астана ауданы әкімінің аппараты» ММ ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда тыңдаулар онлайн форматта ZOOM бейнеконференциясы арқылы, сілтеме бойынша өткізіледі: https://us02web.zoom.us/j/7017273098?pwd=cENQYnlOOUtsZlEzVHRueEdLZ0xhUT09&omn=85340715796.

**Конференция идентификаторы:** 701 727 3098; кіру коды: 123.

**Бастамашы:** «Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, +7(713) 241-6820, pt_doroga@mail.ru;

**Құжаттаманы жасаушылар:** «СК Инжиниринг» ЖШС, +7(727)378 0954, sk-inginiring@mail.ru;

ҚОҚБ әзірлеушілері: «Фирма «Ақ-Көңіл» ЖШС, 8 (701) 727-30-98, akkonil@mail.ru;

Құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған (ecoportal.kz), сондай-ақ «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық негізде қабылданады барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

### «Ақтөбе» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

| Индекс | Жазылушылар санаты | | Бағалар | |
|---|---|---|---|---|
| | | | қала | ауыл |
| 65420 | Жеке тұлғалар үшін | 6 ай | 5 666,25 тг | 5 892 тг |
| 66420 | Заңды тұлғалар үшін | 6 ай | 6 818,25 тг | 7 044 тг |
| 67420 | Жеңілдікпен алушылар үшін | 6 ай | 4 982,25 тг | 5 208 тг |




**ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!**

Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпаратты ала аласыздар:
8 (7132) 90-71-67 (редакция),
90-12-19 («Қазпошта» АҚ).


Облыстық ардагерлер кеңесі мемлекеттік қызмет саласында адал еңбегімен ауданның дамуы мен өркендеуіне елеулі үлес қосқан ардагер
**Жаңылсын Ахметқызы НҰРМҰХАНОВАНЫҢ**
мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты жұбайы облыстық мәслихат депутаты Боран Оңғарұлы Ізбасовқа және марқұмның жақындарына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Шалқар ауданындағы Қорғантұз орта мектебінің 1965-1966 оқу жылындағы түлектері мен олардың отбасылары бірге оқыған досы, ақжарқын азамат, Ақтөбе қаласының тұрғыны
**Аманжол Мұқанбедиұлы ТӨЛЕУОВТІҢ**
дүниеден озуына байланысты зайыбы Розаға, балаларына, туыс-бауырларына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.


**ЖАРНАМА 90-71-55**



Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС**

**Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған**

**Директор**
**Раукен ОТЫНШИН**

**Директордың орынбасары**
**Айгүл НҰРКЕЕВА**

**Бас редактор**
**Сәтжан ДӘРІБАЙ**

**Бас редактордың орынбасары** Мейрамгүл САТАЕВА
**Жауапты хатшы** Динара САНГУЛОВА

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Данагүл ҚАЗИХАН, 90-71-64
**Тілшілер** Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақерке САТЫБАЛДЫ, Ақмарал МҰҚАШЕВА

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64
**Тілшілер** Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Арайлым НҰРБАЕВА

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37
**Тілшілер** Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

**Сайт редакторы** Аслан СЫДЫҚОВ
**Фототілші** Хайреден РАУШАНОВ
**Беттеушілер** Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Лаура ЖАППАРОВА
**Теруші** Гүлмара АЙНАЗАРОВА
**Корректорлар** Қалдығүл МЫРЗАТАЕВА, Ақбота АҚДӘУЛЕТОВА
**Жазылу және тарату бөлімі** 90-71-67
**Жарнама бөлімі** 90-71-55



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.
Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.
**Сайт:** www.aqtobegazeti.kz
**E-mail:** aktobegazeti@mail.ru
Аптасына 2 рет шығады.
**Таралымы 14559 Тапсырыс №777**
**Нөмірдің кезекші редакторы**
Айбек Тасқалиев

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

**Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды**